



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

2(148) 2014

31992 жылдың 22 сәуірінен бастап шыға бастады

Тіркелу куәлігі № 766
Жылына 4 рет шығады

Редакциялық алқа:

Қ. Әбдезұлы (ғылыми редактор),
Ж.Д. Есімова, Б.У. Джолдасбекова (ғылыми редактордың орынбасарлары),
Н.Ю. Зуева (жауапты хатшы), О.Б. Алтынбекова, Г.Б. Мәдиева,
Б.К. Момынова, А. Салқынбай, А.С. Тарақ, А. Темірболат,
С.А. Кибальник (Ресей), А.И. Ковтун (Литва), В.А. Курдюмов (Ресей),
Гусман-Тирадо Рафаэль (Испания), Сойлемез Орхан (Түркия),
Хаяти Девели (Түркия), Хенрык Янковский (Польша), Жан Динг Жин (Қытай)

Ғылыми басылым

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

№2 (148)

Компьютерде беттеген А. Алдашевой
Шығарушы редакторлары: Г. Бекбердиева, Г. Рүстембекова

ИБ № 7311

Басуға 08.04.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.
Көлемі 25,41 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 929.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Д. А. Әлкебаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф. ф. д.,
Алматы қ, Қазақстан
e-mail: alkebaeva@mail.ru

Функционалды грамматиканың негізгі нысаны – функция термині туралы

Бұл мақалада функционалды грамматиканың негізгі зерттейтін нысаны функция термині қарастырылады. Жалпы тіл ғылымындағы функция терминіне берілген ғылыми концепцияларды тереңдетіп қарастыру арқылы функция мәніне ғылыми тұжырым жасау көзделінді.

Мақалада бұл салаға қатысты зерттелінбеген істер мен проблемалар өте көп, функционалды грамматика саласы бойынша қарастырылатын мәселелер, осы ғылымның зерттеу нысаны, оған қатысты ғылыми-теориялық мәселелер, жалпы ғылыми теориясын жасау, практикалық мәнін ашу, мақсаты мен міндеттерін көрсету – бүгінгі қазақ тіл ғылымының кезек күттірмейтін міндеттерінің бастылары екен. Сөз сөйлеудегі функция табиғаты өте күрделі. Дәстүрлі грамматика белгілі қалыптасқан грамматикалық жүйенің негізі бола отырып, оның болашақтағы дамуының жаңа сатыларын, негіздерін үйретеді, бұрынғы дәстүрлі грамматика бірқалыпты сол күйінде қалып қоймайды, яғни тілдің дәстүрлі грамматикадан, функционалды грамматикаға бет алуының алғы шарттарын негіздейді. Функционалды грамматика тілдің дәстүрлі жүйесінің негізін нысанаға ала отырып, сөйлеу процесінде сөйлеу актілері бойынша қандай функция атқарады немесе атқарып тұр деген мәселені тануға, соны оқып-үйретуге, меңгеруге талап қояды. Сондықтан функция терминінің маңызын ашу мен оның түрлерін анықтау, маңызды құбылыс ретінде тану оның маңызды сипатын айқындауда басты міндет ретінде алынады.

Түйін сөздер: функция, функция атқару, нәтижелі функция, әлеуетті функция, функционалды – семантикалық өріс теориясы.

Д. А. Алкебаева

О функции как основном объекте функциональной грамматики казахского языка

В настоящей статье рассматривается проблема функциональной грамматики казахского языка как основной объект науки, изучающей феномен функции. Посредством углубленного рассмотрения научных концепций о термине функции выдвигаются научные предположения о словотворчестве человека. Автор затрагивает вопрос о том, что в этой области знаний очень много нерешенных проблем, среди которых определение объекта исследования функций, научно-теоретические вопросы относительно метаязыка этой науки. Поэтому построение общей научной теории, раскрытие практической задачи, определение основной цели и задач – одна из первостепенных и неотложных проблем, требующих своего непосредственного решения в современной казахской лингвистике. Природа термина функций и процесс его зарождения представляют собой особую сложность, в связи с чем в лингвистике возникает ряд множественных вопросов, такие, как стилистическая функция, этническая функция. Таким образом такие явления составляют главную задачу в определении его важной сущности.

Ключевые слова: функция, функционирование, потенциальная функция, результативные функции, теория функционально-семантического поля.

D.A. Alkebaeva

About the function as main object of functional grammar of the Kazakh language

The problem of functional grammar of the Kazakh language as the main object of the science studying the phenomenon of functions is considered in the present article. By means of profound consideration of scientific concepts about the term of functions moves forward scientific assumptions of word creation of the person. The author raises the question that in this field of education there are many unresolved problems among which definition of object of research of functions, scientific-theoretical questions concerning meta language of this science therefore creation of the general scientific theory, disclosure of a practical task, definition of the main objective and tasks is one of the major and urgent problems demanding the direct decision in modern Kazakh linguistics. The nature of term functions and process of its generation represent special complexity in this connection the knowledge of functions of linguistics a number of multiple questions arises, such as stylistic function, ethnic function, and such phenomena make the main task in definition of its important essence.

Keywords: function, functioning, potential function, productive function, functional-semantic sphere.

Функционалды грамматика мәселесі, ғылыми-теориялық базасы нені зерттейтіні, функционалды грамматика дегенді қалай түсінуге болады, тағы да басқа толып жатқан мәселелерге қатысты ғылыми концепциялар ұсыну қазіргі қазақ тіл ғылымының басты міндеттері болып саналады.

Функционалды грамматика тілдік жүйеден алынған білім дағдыларының әмбебаптық күрделі болмысын, жалпы оның табиғатын қайта негіздеуге үйретеді. Қазақ тілші ғалымдары А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев сонымен қатар шетелдік және орыс ғалымдарының дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканың негізгі категорияларын ғылыми тұрғыдан жүйелеген А.В. Бондарко, Г.А. Золотовой, Р.Якобсона, И.Я.Хариотонова, В.Ю.Апресьяна, Е.С.Кубряковой, Н.В.Берницкой, Е.И.Панина, В.Ю.Апресьяна, Н.Н.Болдырева, Е.С.Кубрякова Е.А. Krusinga, F. Wood, H. Sweet, H. Poutsma, S. Harman, M. Ganshina, B.A. Ilyish, C.N. Leech, M.Y. Blokh және тағы басқа еңбектерді атауға болады. [1, 2,3].

«Функция» туралы анықтамалардың лингвистикада мағынасының сан алуан түрлері кездеседі. Атап айтқанда «тіл қызметі», «функционалды стиль», «функционалды грамматика» т.б. Шындығында, бұл терминнің референциясы өте терең аса маңызды, сондықтан оның мәнін нақтылап түсіндіруді қажет етеді. Функция терминінің басты референциясы сөйлеу актісімен байланысты. Функционалды грамматиканың негізін қалаған ғалымдардың жалпы функция туралы талдаулары сөз сөйлеумен тұтас алып қарастылатын талдауларға негізделеді. Атап айтқанда, С. Дик, Н.А. Слюсарева, Г.А. Золотова, В. Матезиус, М.А. К. Хэллдей, А.В. Бондарко сияқты ғалымдардың осы салаға қатысты терминдерге барген анықтамалары негізінде қарастырылады. [1,3]. Функция терминінің қызметі – оның лингвистиканың қай саласына, қандай тілдің сипатын тануға қолдануға байланысты анықталып отырады. Мысалы, тіл ғылымында тілдің қоғамдық қызметі; тілдің коммуникативті қызметі; тілдің байланыс орнатушы қызметі; тілдің эмотивті қызметі; тілдің аппелятивті қызметі; тілдің кумулятивтік қызметі; тілдің стилистикалық қызметі; тілдің прагматикалық қызметі; тілдің эстетикалық қызметі деген қолданыстар жиі ұшырасады. Лингвистикада тілдің қызметін интерпретациялау арқылы тіл ғылымы саласының жаңа бағыттары айқындалады. Тілдің атқаратын қызметі алуан түрлі болған-

дықтан бір салаға қатысты ерекшелігін анықтау жиі пайдаланылады.

Функционалды грамматика адамның ақыл-ойы мен тілдің заңдылықтарын сақтай отырып, айтылған пікірі, әңгімесі, сөзі алуан түрлі семантикалық, прагматикалық категориялық жағдаяттарға тәуелді болады. Функционалды грамматиканың бүгінгі ғылыми теориялық мәселелері, ғылыми нысаны мен жаңа бағыттары, оның қазақ тіл ғылымында даму сипатының әлеуетін көрсету өзектілігін тағы да айғақтайды. Қазіргі қазақ тілінің функционалды грамматикасының табиғатын толық тану үшін кешенді көп аспектілік зерттеулер айтушының барлық аспектілік қырлары арқылы атап айтқанда, оның қоданысындағы тілді таңбалар сырын анықтаумен тығыз байланысты болып келеді. Ә. Хайдар тілдің кумулятивтік қызметін былайша түсіндіреді. «Тілдің халық өмірінде атқаратын қызметі көп-ақ. Солардың бірегейі – үрпақ пен үрпақ арасын жалғастыратын, өткен өмір мен бүгінгі болмысымызды, онымен болашақты ұластыратын «алтын көпір» бейнелі қызметі: Халық даналығының ұйытқысы – тілдің бұл қызметін ғылымда «кумулятивтік функциясы» деп атайды (Ә.Хайдар Халық даналығы). Бұл жерде айта кететін нәрсе мақал-мәтел не болмаса басқа да тілдік бірліктер қолданыста бір ғана қызмет атқармайды. Қазақ тілінің грамматикасын функционалдық тұрғыдан зерттеу, ғылыми моделін жасау өте күрделі, аумағы зор сала болып саналады.

Функционалды грамматиканы толық меңгеру үшін тілдің ішкі және сыртқы жүйесін игере отырып, атап айтқанда, парадигмалық, синтагматикалық көп сатылы қызметін, тілді қолданудың әр түрлі жолын функционалды-семантикалық өрісте анықталатындығын көрсетумен шектеліп қоймайды. Функционалды грамматиканың басты спецификасының артықшылығы мынада: адамдық фактор мен ұғым және танымға негізделуінде, сондай-ақ функционалдығы барлық тіл элементтерінің қоршаған ортаға тығыз байланыста болуымен қарастырылады. Сондықтан функционалды грамматиканың өзіне тән ерекшелігін анықтау үшін функция терминінің мәнін ашып алу керек [2,323]. Функция терминінің мәнін ашу тіл – адам қарым-қатынасы деген түсініктен де тереңірек қарастыруды қажет етеді. Тілдің атқаратын қызметі оның сөйлеуінен бұрын басталады деп айтылған пікірлердің негізі бар екенін функция термині тағы дәлелдеп береді.

Оған соңғы уақытта жазылған ғылыми зерттеулер дәлел бола алады. Тіл қолданыста жан-жақты қызмет атқарады. Атап айтқанда, тілдің танымдық қызметін алып қарастырайық. Кейбір зерттеушілер тілдің танымдық қызметін екі аспектіде алып қарастырады. Алғашқысы, ойлау органдарына байланысты, бұл ішкі ойлау қабілеті танымдық түсінікке негіздейді. Оның негізі ойлау ойлау әдіс-тәсілдерін пайдалану қызметі. Кейінгісі алғашқының негізінде өрбитін жоғарғы деңгейде қалыптасқан айтушының сөздердің танымдық білімінің жиынтығы. Функционалды грамматикада осы тілдің екі қызметі айтушының сөзінің мағынасын ашуға арналады.

Лингвистикалық білім жүйесінде тіл функциясы деген ұғым қалыптасуы функционалды грамматиканың негізгі ғылыми базасы болып қала береді. Тілдің өзі қандай жағдайда болмасын адам мен әлем, тіршілік, қоғам арасындағы байланысты, қарым-қатынасты орнатуда функция атқарудан бастайды. Осыдан келіп функционалды грамматикаға тірек болатын функция терминінің нақты мәні анықталады. Құрылымдық лингвистикада тілдік бірліктердің құрылуы, яғни парадигмалық топ құрауы басты мақсатқа алынады. Функционалды грамматика аясына енетін тілдік бірліктер семантикалық топ құрады, осының нәтижесінде тілдік бірліктер семантикалық топқа біріктіріледі. Семантикалық топқа жинақталған, семантикалық мағыналық тұтастыққа топтастырылған тілдік бірліктер адам ұғымында тілден тыс объективті шындықпен сәйкестеніп, «мағыналық мазмұн» (смысловое содержание) деп аталатын әрекет нысандарына ие болады [2,23]. Сөз сөйлеу кезінде түрлі деңгейге жататын тілдік құралдар белгілі бір мағынаны, ойды жеткізу үшін бірлесе, өзара әрекеттесе қызмет атқарады. Осылайша, әр түрлі тілдік бірліктердің бірлесе қызмет атқаруы ортақ семантикалық топ құрып, функционалды-семантикалық өрісте ұғымдық категорияларға негізделуі тілдік жүйедегі бірліктердің функциясының көп аспектілігін көрсетеді.

Барлық ғылымдар саласында функция термині кеңінен қолданылады. Функция адам ойына алған ісін жүзеге асыру болып табылады. Жалпы «функция» термині «functio» латын тілінен алынып, «орындау, атқару, жүзеге асыру» деген мағынаны береді. Функция туралы ережелер барлық ғылым саласында қолданылып, оларға тән анықтамалардың барлығы да іс-әрекеттің жүзеге асуы және қызмет атқаруы

рылуын айтады. Функция туралы анықтамалардың лингвистикадағы мағынасының сан алуан түрлері кездеседі. Атап айтқанда, «тіл қызметі», «функционалды стиль», «функционалды грамматика» т.б. Шындығында, бұл терминнің мағынасы өте терең, аса маңызды, сондықтан оның мәнін нақтылап түсіндіруді қажет етеді.

Функция терминінің қызметі лингвистиканың қай саласына, қандай тілдің сипатын тануға қолдануға байланысты анықталып отырады. Мысалы, тіл ғылымында тілдің қоғамдық қызметі; тілдің коммуникативті қызметі; тілдің байланыс орнатушы қызметі; тілдің эмотивті қызметі; тілдің аппелятивті қызметі, тілдің кумулятивтік қызметі, тілдің стилистикалық қызметі, тілдің прагматикалық қызметі, тілдің эстетикалық қызметі деген қолданыстар жиі ұшырасады. Қазіргі лингвистикада, тұтастай алғанда, «функция» терминінің бірнеше мағыналық баламасы ұшырасып отырады. Ал, «функционалды грамматика» термині тұрғысынан алып қарастырғанда: «мағына», «лексикалық функция» (И.А. Мельчук, Ю.Д. Апресян, И.М. Богуславский), «гуманитарлық мазмұн» (Г.А. Золотова), «ойлау қызметінің өнімі» (В.Г. Гак), т.б. да атаулары бар. Жалпы функционалды грамматика терминдері туралы айтқанды ғылыми терминдердің негізгі бағыттарынан бастау алады. Атап айтқанда, жүйелілік, дефинивтілігі, уәжділігі, терминге қатысты түсініктілігі, қысқалығы, жоғары дәрежеде танымалдылығы, сөздіктерге енгізілуі т.б. [3,4,5]. Функционалды грамматиканың терминдеріне талдау жасаған Л.В. Попованың айтуы бойынша Л. В. С. Дик, Н.А. Слюсарев, Г.А. Золотова, В. Матезиус, М.А. К. Хэллдей, А.В. Бондарко сияқты ғалымдардың еңбектерінде осы салаға қатысты 410 термин кездеседі деген статистикалық мәлімет беріледі [3,41].

Функционалды грамматикадағы негізгі тілдік бірліктердің атқаратын қызметі осы «функция» терминіне тікелей қатысты болып келеді. Атап айтқанда, тілдік бірліктердің функциясы айтушының тілдік бірліктерді таңдап іріктеуі мағынадан формаға қарай алынады, тілдің әр түрлі деңгейдегі бірліктерінің өзара әрекет етуі жинақталып функция атқаруы ортақ функционалды өрісте орындалып жатқаны қарастырылады.

Тілдің функциясы ішкі және сыртқы деп бөлінеді.

1) Ойлау кезінде түзелетін тілдің грамматикалық функциясы, ойдан бағытталған грам-

матикалық түзілім. Бұл сыртқы көру деген ішкі қабылдаудан тұрады.

2) Айтушының немесе тыңдаушының тілдің грамматикалық құрылымдық жүйесін пайдалану әлеуеті. Бұл жерде айтушы мен қабылдаушының жан-жақты қабылдау, сезіну, пайдалану сияқты қабілеті мен ерекшеліктері толық есепке алынып отырылады.

Жалпы функционалды грамматикада функцияның атқаратын 2 қызметі бар.

1. Біріншісі әлеуетті функция деп аталады.

2. Екіншісі нәтижелі функция деп аталады.

1. Әлеуетті функция дегеніміз тіл жүйесіндегі әр түрлі деңгейде тілдік бірліктер қызметінің айтушының айтар ойына қарай таңдап алынатын таңбалары болып табылады.

2. Нәтижелі функция дегеніміз айтушының әлеуетті функциясына қатысқан тілдік бірліктердің толық орындалуы болып саналады.

Тілдік бірліктердің функциясы дегеніміз сөйлеушінің айтар ойын жеткізуге қажетті мағыналық тілдік бірліктердің өзара ортақ синтагмалық топқа жататындығының айқындалуы, сол бірліктердің өзара мағыналық-тұтастық құрайтындығы мен әлеуетті функцияның нәтижелі функцияға айналуының нақты айғағы болып табылатындығымен анықталады.

Лингвистикада тілдің қызметін интерпретациялау арқылы тіл ғылымы саласының жаңа бағыттары айқындалады. Тілдің атқаратын қызметі алуан түрлі болғандықтан, бір салаға қатысты ерекшелігін анықтауда жиі пайдаланылады. Мысалы, сан есімдерді алып қарағанда ол тек бір ғана функция атқарады деп айтуға болмайды. Тілдік бірліктердің мағыналық функция атқаруы тіл ғылымының белгілі, нақты саласына қатысты зерттеу нысанын таңдап алуына байланысты бірнеше қызмет атқара алады. Сан есімдер сөзжасам үлгілері мен төсілдерінде өз қызметін түйықтаған. Бір кездері олар өте белсенді қызмет атқарса, қазір олар өз белсенділігін бәсеңдетіп, басқа сөз таптарымен салыстырғанда қолданыста сөзжасамдық қызмет атқармайды.

Жалпы функция туралы айтқанда ғылымда белгілі тілдің ең маңызды функциясы таңбалық функция (обозначения) туралы айта кету керек. Адамдардың бірлескен еңбек жағдайындағы бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда ойлау ұғымы қалыптасты. Сондықтан адамдар бір-бірімен ойларын бөлісу үшін материалдық форманың жасалуы қажеттілігі туындады. Сондық-

тан сигналды функция (коммуникативті) тілдегі екінші маңызды функция болып саналады. Тілдің үшінші маңызды функциясы сөздердің мағынаға, түсінікке құрылған формалары болып табылады. Тілдің құрылымдық грамматикасы тіл функциясын атқармады деп айтуға болады. Ол функционалды грамматиканың ішкі заңдылығын қалыптастыра отырып, ұғымдық, танымдық мағыналық мазмұн жасады. Мысалы, зат есімдер тілдің даму тарихында үнемі жаңа сөздермен толығуға белсенді қызмет атқарып келеді. Күнделікті тұрмыста, өмірде пайда болған жаңа заттар мен ұғымдарға атау қажеттілігі зат есімдерді жасайды да, адамзат игілігінде белгілі қарым-қатынасында қызмет атқарады. Функционалды грамматиканың негізгі терминологиялық аппараты ретінде алынып отырған «функция» терминін жаңадан пайда болған ұғымдық атау деп айтуға болмайды, осы сала бойынша бұл терминнің маңыздылығы адамзат ұғымы мен танымы арқылы жасалған тілдің сөйлеу қызметінде белгілі ортақ ұғымдар мен түсінікке жинақталуы деп тану керек. Басқа бағыттағы ғылыми зерттеулерде ұлттық тілдің танымдық, этностық, кумулятивтік т.б. қызмет атқарады. Жалпы функционалды грамматика тұрғысынан есім сөздерді алып қарастырғанда, атап айтқанда зат жайлы ұғыммен бірге сын, сапа ұғымдарын да бойына жинаған грамматикалық топ ретінде алғанда оның басқа ұғымдық, танымдық қасиеттерін тану мүмкіндігі ашылады.

Сонда тіл құрамындағы алғаш рет зат ретінде танылған деректі-дерексіз ұғымдарға адамзат санына, сапасына, басқа қасиеттеріне, ұғымына сай салыстырғанда белгілі бір затқа не заттар тобына тән қасиет пен белгіні анығырақ білдіретін болады. Осыдан келіп нысанаға алынып отырған функционалды грамматиканың ұғымдық, танымдық мәні айқындалып, сол ұғымды анықтайтын негізгі тілдік бірліктердің өзара әрекеттесіп, айтушы сөзінің мағыналық-мазмұнды ой бөлісуінің негізгі күрделі тұтастығын танытатын функция атқарады. Демек, функционалды грамматика бойынша қарастырылатын тілдік бірліктердің функциясы ұғым, таным, логикалық мағынамен біртұтас жүйеде кешенді функция атқаратынын көрсетеді. Алайда терминдерге қатысты іргелі зерттеулерге қарамастан бұл сала бойынша даулы мәселелер әлі талай зерттеулерді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Матезиус В « Functional Analysis of Prest DAY English on General linguistig Boss. 1975
- 2 Бондарко А.В. Проблемы функциональной грамматики. Полевые структуры. СПб., Наука, 2005
- 3 Попова Л. В. Проблема качества лингвистического термина (На материале авторских терминосистем функциональной грамматики) : Дис. ... канд. филол. наук : 10.02.19 : Омск, 2004 198 с.
- 4 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 482 б.
- 5 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
- 6 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 178 б.

References

- 1 Matezius V « Functional Analysis of Prest DAY English on General linguistig Boss. 1975
- 2 Bondarko A.V. Problemy funktsional'noy grammatiki. Polevye struktury. SPb., Nauka, 2005
- 3 Popova L.V. Problema kachestva lingvisticheskogo termina (Na materiale avtorskih terminosistem funktsional'noy grammatiki) : Dis. ... kand. filol. nauk : 10.02.19 : Omsk, 2004 198 с.
- 4 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 482 б.
- 5 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
- 6 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 178 б.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Тіл білімі - Языкознание

Richard J. Brunner, Oleksandr Bilous Sprache im Wandel: Veränderungen in der Deutschen Gegenwartssprache	3
Супрун В.И., Мадиева Г.Б. Проблемы выявления онимической семантики	15
Әлкебаева Д.А. Функционалды грамматиканың негізгі нысаны – функция термині туралы	22
Алтынбекова О.Б., Зуева Н.Ю. Изучение текста в учебнике русского языка для 11 классов 12-летних школ Казахстана	27
Аманалиева Ф.Б. Собственно вводящие глаголы в конструкциях с прямой речью	31
Анесова У.Г. Символ және метафора.....	36
Абдрахманова Ж.Ә. XV-XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясы тіліндегі жаңа фразеологиялық оралымдар.....	40
Жукеннова А. К. Вербальная коммуникация в условиях естественного и искусственного билингвизма	45
Иманқұлова С.М. Қазақ тіл білімінің зерттелу мақсаты.....	49
Клименко К.В. Композиционная роль детали в повести/сценарии/фильме «Председатель»	56
Күркебаев К.К. Қазақ тіліндегі «сүйек» лексемасының семантикалық парадигмасы.....	62
Мамаева М.Қ., Хасенова А.Н. Қадыр Мырза Әлидің ғибратты әңгімелеріндегі лексикалық қайталамалар және олардың стильдік қызметі.....	68
Момынова Б.К. Языковые особенности телесных метафор состояния души	73
Мустафаева А.А., Қыдырбаев Қ.А. Араб тілі терминдері жүйесіндегі терминологияның өзекті мәселелері	77
Нургожина Ш.И., Умуртаева А.Б., Исенғалиева Г.Х. К вопросу о форме интерактов и критерии их классификации.....	82
Оруджева Севар Ариф кызы Түрлі жүйедегі тілдердің синтаксистік деңгейдегі конверсиясы	88
Рыспаева Д.С. Интерпретация базового концепта в художественном тексте	94
Сағындықұлы Б. Атау септік формасынан тәуелдік жалғауының пайда болуы	98
Самедова Кёнуль Ибрагим кызы Азербайжан тілінің түсіндірме сөздігіндегі халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі диалектизмдер мен сөздердің берілу принциптері	104
Смагулова Г.Н. Межкультурная коммуникация: проблемы этноязыковых особенностей.....	108
Умирбекова Р.Қ. Синтаксистің негізгі объектісі-есімшелі оралым жайында	113
Шалабай Б. Субъектілік функционалды-семантикалық категориясының өрісі	119
Эргин Егяна Гурбет кызы Түркімен және гагауыз тілінде септік категориясы	125

Әдебиеттану - Литературоведение

Дәулеткелдіұлы Н. Махаббаттың мәңгілік мұнарасы («Қозы көрпеш – Баян сұлу») жырындағы екі ғашықтың күмбезінің реалды және идеялық белгілері).....	129
Какильбаева Э.Т. Функции завязки и экспозиции в структуре романа П. И. Мельникова-Печерского «В лесах»	135
Мухтарзаде Нурида Қасиетті жерлер (Оджаг, Пир) туралы діни менкабе-аңыздардың ерекшелігі	140